**1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімнің ережелерін талдау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 13 тамыздағы N 222-ө Өкімі

1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімді қолдану кезінде Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасының жекелеген мәселелерін қарау мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Өзбеков Ғани Нұрмаханбетұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, жетекші

Байшолақов Алмат Мұратұлы - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты қадағалау департаментінің бөлім бастығы (келісім бойынша)

Хорунжий Андрей Григорьевич - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының орынбасары

Сүйесінов Амантай Кемелұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мұнай өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары

Тілеулесов Биғали Жақсылыкұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті N 1 Өңіраралық салық комитетінің төрағасы

Досмұратова Нұргүл Ғинаятоллақызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасының бастығы

Омарова Бақытжамал Жәкенқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Салық саясаты және болжамдар

департаменті жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу басқармасының бастығы

Назаров Болат Қонақбайұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының басқарушы директоры (келісім бойынша)

Стефано Гоберти - "Аджип ККО" компаниясының каржы, салық және бақылау жөніндегі директоры (келісім бойынша)

Джон Адамсон - "Аджип ККО" компаниясының салық менеджері (келісім бойынша)

Жүнісқожаева Гүлдана - "Аджип ККО" компаниясының салықтар жөніндегі кеңесшісі (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы бір ай мерзімде 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімді қолдану кезінде Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасының жекелеген мәселелерін қарау нәтижелері туралы қорытындыны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен жұмыс тобының құзыретіне енетін мәселелер бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын тарту, сондай-ақ қажетті ақпарат сұрату құқығы берілсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.Ғ. Дунаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министрдің міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК